



МАМАЕВ АСЫЛХАН МҰХАМЕДИЯРҰЛЫ

(09.05.1929, Қаратау - 25.09.2003, Алматы) - дәрігер, денсаулық сақтау саласының ұйымдастырушысы, өнертапқыш.

1953 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын тәмамдаған.

1983-1986 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

Талдықорған облысы Ақсу ауданында хирург, кейін Ақсу аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Одан соң Алматы медицина институты мен медицина училищесінде ұстаздық етті.

1960-1965 жылдары Алматы облысы Қаскелең (қазіргі Қарасай) аудандық ауруханасының бас дәрігері болды.

1965-1978 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас емдеу-профилактикалық басқармасының бастығы қызметін атқарды.

1978-1981 жылдары Қазақстан курорттарын басқару жөніндегі республикалық кеңестің төрағасы болды.

1981 жылы жаңадан құрылған Ленин аудандық денсаулық сақтау басқармасына ауыстырылды.

1983 жылы Қалқаман минералды су шипажайын қайта жаңғырту жұмыстарымен айналысты.

1988-1992 жылдары 6-қалалық аурухана мен 12-қалалық емхананың бас дәрігері болды.

1992-1996 жылдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кеңесшісі қызметін атқарды.

Асылхан Мамаев күн сәулесімен ем жүргізуге арналған құрылғы ойлап тапқан. Оның өнертабысы негізінде жасалған құрылғылар 1994 жылы Италияда және 1995 жылы АҚШ-та өткен «Қазақстан-1995» көрмесінде таныстырылды.

Екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



ЕСЕНТАЙ БОДЕСОВИЧ ТАЖИЕВ

1947 жылғы 18 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы, Жетісай кентінде дүниеге келген.

2026 жылғы 22 сәуірде 78 жасында қайтыс болған.

1974 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген.

1986-1996 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1975-1986 жылдары - қара жұмысшы, совхоз механизаторы, кіші мейіргер, мейіргер; дәрігер, бөлімше меңгерушісі, Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары.

1986-1996 жылдары - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

1996-2012 жылдары - Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасыны бас дәрігері.

1999 жылдан бастап - Алматы дәрігерлердің біліктілігін арттыру институтының проректоры.

Соңғы жылдары - Алматы қаласы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь директорының орынбасары қызметін атқарған.

2017 жылдан бастап - С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті Қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

1991 жылы медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғаған.

1997 жылы медицина ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғаған.

Диссертация тақырыбы: «Хирургиялық ауруларды стационарға дейінгі диагностикалау және емдеудің әдістемелік және ұйымдастырушылық-клиникалық аспектілері».

1990-1993 жылдары - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 12-шақырылымының депутаты.

1994-2012 жылдары - Алматы қалалық мәслихатының депутаты, әлеуметтік қорғау және қоғамдық келісім комиссиясының төрағасы.

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» (1996)

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі (2001)

«Парасат» ордені (2004)

«Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медалі (2006)

«Барыс» III дәрежелі ордені (2010)

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі (2011)

«Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі (КСРО)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі төсбелгісі

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасы

«Денсаулық сақтау ісінің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі (Денсаулық сақтау министрлігі)

«Алтын Адам» ұлттық сыйлығы - «Жылдың үздік медициналық ұйымдастырушысы»
номинациясы (2002)

2025 жылғы 24 қазан - «Барыс» II дәрежелі ордені (елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-
рухани дамуына қосқан зор үлесі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға
және ұлттық мереке - Республика күніне орай)

Мақтаарал және Шардара аудандарының Құрметті азаматы



МЫРЗАКАРИМ КАРИМОВИЧ АЛШИНБАЕВ

1955 жылғы 5 маусымда Ташкент облысы, Қарасу ауданы, Жамбыл ауылында дүниеге келген - медицина ғылымдарының докторы (1995), профессор (1997).

1979 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын (қазіргі С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) бітірген.

1986 жылы Киев урология және нефрология ғылыми-зерттеу институтында ординатурадан өткен.

1996 жылғы қаңтар - 1996 жылғы маусым аралығында №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

Алматы облыстық ауруханасында уролог болып қызмет атқарған (1980-1983 жж.)

Бас басқарманың 4-орталық ауруханадасында жұмыс істеген (1983-1984 жж.),

Алматы клиникаларында аға ғылыми қызметкер, бас дәрігердің орынбасары қызметтерін атқарған.

1996 жылдан бастап Алматы Урология ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

Оның негізгі ғылыми еңбектері урологиялық ауруларды емдеуге арналған.

Оның жетекшілігімен қуық асты безі қатерлі ісігін алдын алу және ерте диагностикалау бағдарламасы әзірленген.

Ол 400-ге жуық ғылыми еңбек

16 монография

2 оқу-әдістемелік құрал

1 оқулық

61 өнертабыс авторы.

Ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атанған. Бұл сыйлық оған «Нарықтық жағдайда жаңа жоғары тиімді технологияны әзірлеу және енгізу негізінде денсаулық сақтау жүйесін реформалау мен жетілдіру моделі» атты ғылыми еңбек жинағы үшін берілген (2005).

Сондай-ақ оған «Құрмет» ордені берілген.



КУЛЬСЕИТОВ НУРЛАН ГАББАСОВИЧ

1958 жылы Ақтөбе облысы, Сергеевка ауылында дүниеге келген. 2021 жылғы 16 қаңтарда қайтыс болған.

Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетін бітірген.

Хирургия бойынша бір жылдық интернатураны Алматы облыстық клиникалық ауруханасында өткен.

1996-1997 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1981 жылдан бастап - Алматы облыстық клиникалық ауруханасында хирург дәрігер болып жұмыс істеген.

Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасында:

- 1984-1986 жж. - функционалдық диагностика бөлімінің терапевт дәрігері
 - 1986-1990 жж. - №2 бөлімшенің гастроэнтеролог дәрігері
 - 1990-1994 жж. - №2 гастроэнтерология бөлімшесінің меңгерушісі
 - 1994-1996 жж. - бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары
- 1996-1997 жж. - №1 қалалық клиникалық аурухананың бас дәрігері қызметін атқарған.

1997-1998 жж. - Алматы қаласы Экстремалды медицина орталығы директорының операциялық жұмыс жөніндегі орынбасары.

1998-2000 жж. - «КІД» өндірістік-коммерциялық фирмасы директорының орынбасары.

2000-2005 жж. - Алматы қаласы Денсаулық сақтау департаменті медициналық көмекті ұйымдастыру және медициналық қызмет сапасын бақылау бөлімінің басшысы.

2005 жылдан бастап - ШЖҚ Талғар аудандық орталық ауруханасы КМК бас дәрігері қызметін атқарған.

«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі
«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігі» төсбелгісі
Талғар ауданының Құрметті азаматы.



ТОГАНДЫКОВ ТЛЕУКАБЫЛ ЖУСИПОВИЧ

1949 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. 2022 жылғы 21 тамызда қайтыс болған.

1973 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген.

1997-2006 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1973 жылы - Жезқазған қалалық ауруханасында нейрохирург дәрігер болып жұмыс істеген.
1976 жылдан бастап - Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Аймақтық патология ғылыми-зерттеу институтында қызмет атқарған, кейін Алматы қаласының жедел жәрдем ауруханасына ауыстырылған.

Алматы қаласындағы ірі клиникаларда - №4, №2 және №7 қалалық клиникалық ауруханаларында басшылық қызметтер атқарған.

1997-2006 жылдары - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарған.

Көп жылдар бойы Қазақстан дәрігерлер қауымдастығының вице-президенті болған.

Нью-Йорк ғылым академиясының мүшесі болып қабылданған.

Екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне және Қазақстан Республикасы Мәжілісіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылған.

150 ғылыми еңбектің және медицина саласындағы 10 өнертабыстың авторы. Медицина ғылымдарының кандидаты.

Халықтың денсаулығын қорғау және нығайту ісіне қосқан еңбегі үшін ол «Құрмет» орденімен, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Алматы қаласы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Еңбегі республикалық «Ұлттық медициналық ассоциацияның» ең жоғары марапаты - «Алтын дәрігер» белгісімен, сондай-ақ «Медициналық қызметтегі табыстары үшін» медалімен атап өтілген.



ОМАРОВ КАДЫР ТОКТАМИСОВИЧ

1948 жылы туған - профессор, медицина ғылымдарының докторы, жоғары санатты дәрігер («Денсаулық сақтауды ұйымдастыру» мамандығы).

1973 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын «Педиатрия» мамандығы бойынша бітірген.

2006 жылғы мамыр - 2006 жылғы қазан аралығында №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

Еңбек жолын 1973-1975 жылдары Торғай облыстық ауруханасында (Арқалық қаласы) балалар хирургі болып бастаған.

1975-1978 жылдары Алматы облысы Ұзынағаш ауылдық орталық аудандық ауруханасында хирург дәрігер болып қызмет атқарған.

1978 жылдан бастап - Алматы облысы Жамбыл ауданының бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, ал 1979 жылдан - Жамбыл аудандық ауруханасының бас дәрігері болған.

1980-1987 жылдары Алматы облысы Жамбыл аудандық Халық депутаттары кеңесінің депутаты қызметін атқарған.

1988-1991 жылдары - «Ақсай» республикалық балалар ауруханасының бас дәрігері.

1988 жылы Армениядағы жер сілкінісінен зардап шеккен халыққа медициналық көмек көрсету үшін «Қазақстан» санитарлық пойызын басқарған.

1991-2006 жылдары - Алматы №5 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2006 жылдан бастап - Ресей Медициналық-техникалық ғылымдар академиясының толық мүшесі.

2006 жылғы мамыр-қараша аралығында - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2006-2008 жылдары - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі.

2008 жылғы желтоқсан - 2009 жылғы қыркүйек аралығында Алматы қаласы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпитальдың басшысы.

2009 жылғы қыркүйектен 2011 жылғы қазанға дейін - «Республикалық диагностикалық орталық» АҚ Бас директоры қызметін атқарған.

2011 жылғы қазаннан бастап қазірге дейін - «Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2012 жылғы қаңтардан бастап - «Демеу-ҰМХ» ЖШС Бас директоры.

2013 жылғы қазаннан бастап - Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ұлттық палатасының президиум төрағасы.

Оның тікелей қатысуымен және жетекшілігімен Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс» жобасы әзірленген.

«Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі және Қазақстан мен Ресейдің мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Екі монографияның, оннан астам әдістемелік ұсыныстың және түрлі медициналық әрі халықаралық журналдарда жарияланған 100-ден астам ғылыми мақаланың авторы.



БЕЙСЕН НАЗАРБЕК ЕСИРКЕПОВИЧ

1961 жылғы 16 мамырда туған.

1985 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген, дәрігер-уролог.

2011 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін экономист мамандығы бойынша тәмамдаған.

2006-2009 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1995-1999 жылдары - Тараз №2 қалалық ауруханасында дәрігер-уролог, бөлімше меңгерушісі.

1999-2006 жылдары - Орталық клиникалық аурухананың уронефрология бөлімшесінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының бас урологы.

2006-2009 жылдары - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2009-2010 жылдары - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің стратегиялық даму департаментінің директоры.

2010-2012 жылдары - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің төрағасы.

2012-2014 жылдары - «СК-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы.

2014 жылғы тамыздан бастап - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің төрағасы.

«Астананың 10 жылдығы» медалі

«Нұр Отан» партиясының 10 жылдығына арналған медаль

«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Құрмет грамотасы

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты



КУРАЛБАЕВ БЕКМАХАН СЫБАНБАЙУЛЫ

1947 жылғы 1 шілдеде Жамбыл облысы Талас ауданы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Қазақстандық ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Халықаралық ғылым академиясының академигі.

1971 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетін бітірген.

2009-2011 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1973-1976 жылдары - емхана учаскелік дәрігері, Мәскеу қаласындағы Дәрігерлерді жетілдіру орталық институтының клиникалық ординаторы.

1976-1979 жылдары - КСРО Медицина ғылымдары академиясы Тағамтану институтының Қазақ филиалының кіші ғылыми қызметкері.

1979-1985 жылдары - Республикалық клиникалық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары.

1985-1991 жылдары - Алматы №5 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

1991-1992 жылдары - ҚР Президенті және Министрлер Кабинеті Аппаратының денсаулық сақтау бөлімінің аға референті, бөлім меңгерушісінің орынбасары.

1992-1994 жылдары - Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

1994-2009 жылдары - Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының орталық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2009-2010 жылдары - Президент Іс басқармасы Медициналық орталығының басшысы.

2010-2012 жылдары - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2011 жылдан бастап - «Алматы» шипажайы АҚ президенті, сондай-ақ Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты Директорлар кеңесінің төрағасы.

- «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі (КСРО)
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі
- «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі (1997)

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Алғыс хаты
- «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы (1996, 9 желтоқсан) - отандық медицинаны дамытуға қосқан үлесі және қоғамдық белсендігі үшін
 - «Құрмет» ордені (2003, 12 желтоқсан)
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы (2005, 16 қараша) - «Нарықтық жағдайда жаңа жоғары тиімді технологияны әзірлеу және енгізу негізінде медициналық көмекті жетілдіру және реформалау моделі» еңбек циклі үшін
- «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы (2012, 14 желтоқсан) - денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін
 - «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001)
 - «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл» (2005)
 - «Астанаға 10 жыл» (2008)
 - «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011)
 - «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл» (2015)



ДАУЛЕТБАЕВ ДАМИР АБАЙДИЛЬДАЕВИЧ

1964 жылғы 1 қазанда Қызылорда қаласында дүниеге келген.

1987 жылы Ақтөбе медициналық институтын «емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген, дәрігер.

2010 жылы Д.А. Қонаев атындағы университетті «қаржы» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Ресей, Жапония, Германия және Ұлыбританияда мамандану курстарынан өткен.

2011-2016 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1987-1988 жылдары - Қызылорда облыстық ауруханасында «Хирургия» мамандығы бойынша интернатурадан өткен.

1988-1991 жылдары - Қызылорда облыстық ауруханасында анестезиолог-реаниматолог дәрігер.

1991-1993 жылдары - Қызылорда облыстық ауруханасында тамыр хирургі.

1993-1997 жылдары - Қызылорда облыстық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

1997-1999 жылдары - А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығында өңеш, асқазан және көкірек аралық ағзалар хирургиясы бөлімінің докторанты.

1999-2003 жылдары - Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

2003-2005 жылдары - Қызылорда облыстық медициналық орталығының директоры.

2005-2006 жылдары - Қазақ медициналық университетінің профилактикалық медицина кафедрасының кеңесшісі.

2006-2008 жылдары - А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығында өңеш, асқазан және көкірек аралық ағзалар хирургиясы бөлімінің бас ғылыми қызметкері.

2008-2011 жылдары - Алматы қалалық медициналық колледжінің директоры.

2011-2016 жылдары - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2016-2018 жылдары - Алматы онкологиялық орталығының бас дәрігері.

2018-2022 жылдары - Ұлы Отан соғысы арлагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь директоры.

2022 жылғы қарашадан бастап қазірге дейін - Алматы қаласы бойынша ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті департаментінің басшысы. Сайланбалы қызметі

2003-2007 жылдары - Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы.

Ғылыми дәрежелері

- 1995 жылы - хирургия мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған
- 2002 жылы - хирургия мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған

Ғылыми еңбектері

- 2 монография
 - 5 оқулық
 - 107 ғылыми мақала
 - 9 өнертабыс
 - 4 кандидаттық диссертацияға жетекшілік еткен
- "Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 10 жыл" медалі
- "Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл" медалі,
- "Қазақстан Конституциясына 20 жыл" медалі,

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісінің үздігі" төсбелгісі

- «Алтын скальпель» халықаралық сыйлығының иегері
- «Алтын дәрігер» құрметті атағының иегері



РАМАЗАНОВ МАНАС ЕМБЕРГЕНОВИЧ

1968 жылғы 1 қаңтарда Талдықорған облысында дүниеге келген.

С.Д. Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтын «емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген.

Д.А. Қонаев атындағы университетті «экономика және қаржы» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Жоғары санатты хирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

2016-2018 жылдары №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1990 жылы - ағзаларды трансплантациялау бөлімінде дәрігер-интерн.

1990-2007 жылдары - түрлі басшылық қызметтер, соның ішінде шұғыл хирургия бөлімінің меңгерушісі.

2007-2013 жылдары - Ұлттық ғылыми хирургия орталығы директорының орынбасары.

2013-2014 жылдары - Алматы қаласы денсаулық сақтау басқармасында қызмет атқарған.

2016-2018 жылдары - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2018 жылғы 26 сәуірден бастап қазірге дейін - Алматы №7 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

180-нен астам ғылыми еңбектің, 18 патент пен алдын ала патенттің, 2 монографияның авторы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің төсбелгісі

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Тәуелсіздігі мерейтойларына арналған екі мерейтойлық медаль



СЕЙДУМАНОВ МАНАТ ТУРАРОВИЧ

1963 жылғы 21 ақпанда дүниеге келген.

1986 жылы И.М. Сеченов атындағы Бірінші Мәскеу мемлекеттік медицина институтын «емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген.

2004 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін «бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Канададағы Торонто университетінде денсаулық сақтауды ұйымдастыру бағыты бойынша біліктілігін арттырған.

2013 жылы Германияның Ганновер қаласындағы Медициналық академияда өткен «Евромедика» халықаралық конгресінде Роберт Кох атындағы диплом мен медальмен марапатталған.

2018 жылғы сәуір - 2018 жылғы желтоқсан аралығында №1 қалалық клиникалық ауруханада қызмет атқарған.

1987-1988 жылдары - Жамбыл №2 қалалық ауруханасында дәрігер-ординатор.

1988-1992 жылдары - «Химпром» мекемесінде невропатолог дәрігер.

1992-1993 жылдары - Жамбыл бекеті бөлімшелік ауруханасының неврология бөлімінің меңгерушісі.

1993-1994 жылдары - Алматы облыстық клиникалық ауруханасында невропатолог дәрігер, кейін Алматы облыстық оңалту орталығының бас дәрігері.

1994-1995 жылдары - КМРК ЦБЛОО терапия бөлімінің меңгерушісі, сондай-ақ Алматы облыстық клиникалық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

1995-1997 жылдары - Жамбыл облысы әкімі Денсаулық сақтау департаментінің басшысы.

1997-1998 жылдары - Алматы облысы әкімі денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары.

1998-2000 жылдары - Ақмола облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының бас дәрігері.

2000-2005 жылдары - Ақмола облысы әкімі басқармасының орынбасары.

2005-2008 жылдары - ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызметті бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша басқарма басшысы.

2008-2016 жылдары - Қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының бас дәрігері.

2016-2018 жылдары - Алматы №4 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2018 жылғы 26 сәуір - 30 қараша аралығы - Алматы №1 қалалық клиникалық ауруханасының бас дәрігері.

2019 жылдан бастап қазірге дейін - С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ «Ақсай» балалар орталығының бас дәрігері.

60-тан астам ғылыми жарияланым мен әдістемелік құрал авторы, денсаулық сақтау менеджменті бойынша 60-тан астам ғылыми жұмысы бар.

2007 жылғы 5 маусым - «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісі

2011 жылғы 10 қараша - «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі

2012 жылғы 28 мамыр - «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының
үздігі» төсбелгісі

2014-2015 жылдары - Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың, ҚР Денсаулық сақтау
министрінің және Алматы қаласы әкімінің Алғыс хаттары

2015 жылғы 12 мамыр - «Ұлттық медициналық ассоциацияның 25 жылдығы» мерейтойлық медалі

2015 жылғы 15 маусым - «Кәсіби еңбегі үшін» медалі

2015 жылғы 14 желтоқсан - «Алтын дәрігер» төсбелгісі (Ұлттық медициналық ассоциация)

2016 жылғы 16 желтоқсан - «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін»
төсбелгісі